

## "Рама" акционерлік қоғамының Халықаралық Қайта жаңғырту және даму банкінің оңалту залмы бойынша берешектері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1881

"Рама" акционерлік қоғамының Халықаралық Қайта жаңғырту және даму банкінің оңалту залмы бойынша жинақталған, босалқы бөлшектер сатып алуға жұмсалған берешектерін жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен "Рама" акционерлік қоғамының арасында қарыз міндеттемелері сомасында соңғы Халықаралық Қайта жаңғырту және даму Банкінің оңалту залмы бойынша 250 (екі жүз елу) млн. теңге мөлшеріндегі сомаға біржолғы есептеу жүргізсін және аталған соманы қосымшаға сәйкес бөлуді ескере отырып, қалалық жолаушылар таситын көлікті дамытуға облыстарды қаржыландыру есебіне есептесін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған берешектерді есептеуді 1995 жылғы бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетсін.

3. "Рама" акционерлік қоғамы босалқы бөлшектерді облыстардың тапсырысы бойынша автобустарға босатуға міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы  
29 желтоқсандағы  
N 1881 қаулысына  
қосымша

## Қоғамдық қалалық көлікті дамытуға

("Икарус" автобусының босалқы бөлшектеріне)

арналған қаражаттарды

Белу

Облыстар		Қаражат сомасы. млн.теңге
Ақтөбе		10
Алматы		26
Ақмола		8
Шығыс Қазақстан		10
Батыс Қазақстан		10
Қарағанды		20
Көкшетау		1
Павлодар		32
Жезқазған		3
Талдықорған		30
Оңтүстік Қазақстан		30
Жамбыл		50
Алматы қаласы		20
Жиыны		250